

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2023ж. «24» наурыз
№ N061903 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парак)**

Саудалық атауы

Ангиноваг

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі, дозалануы

Жергілікті қолдануға арналған спрей

Фармакотерапиялық тобы

Респираторлы жүйе. Тамақ ауруларын емдеуге арналған препараттар.
Тамақ ауруларын емдеуге арналған басқа препараттар.

АТХ коды R02AX

Қолданылуы

– ауыз қуысы мен жоғарғы тыныс жолдарының инфекциялық-қабыну ауруларын: тонзиллитті, фарингитті, ларингитті, афтоздық және ойық жаралы стоматиттерді, глосситті жергілікті емдеу үшін

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- белсенді заттарына немесе қосымша заттарының кез келгеніне жоғары сезімталдық
- ауыз қуысының шырышты қабығының ауыр зақымданулары бар пациенттерге
- 13 жасқа дейінгі балаларға

Қолдану кезіндегі сақтандыру шаралары

Ауыз қуысының микрофлорасын өзгертуі мүмкіндігіне байланысты, 10 күннен ұзақ қолданбаған дұрыс.

Ангиновагтың әрбір ингредиентінің концентрацияларының және ұсынылатын дозасының төмендігіне орай, жүйелі әсерімен байланысты жағымсыз құбылыстар күтілмейді.

Визуальді аномалиялар

Көрудің бұзылулары кортикостероидтарды жүйелі және жергілікті қолданғанда туындауы мүмкін. Егер пациентте бұлыңғыр көру немесе көру қабілетіндегі басқа аномалиялар сияқты симптомдар көрініс берсе, пациент катарактаны, глаукоманы немесе орталықтық сероздық хориоретинопатия (ОСХР) сияқты сирек ауруларды қамтуы мүмкін ықтимал себептерін бағалау үшін офтальмологқа жүгінуі тиіс, олар туралы кортикостероидтарды жүйелі және жергілікті пайдаланғаннан кейін хабарланған.

Қосымша заттар туралы ескертулер

Ангиновагтың құрамында ақырғы көлемі 89,385% этанол бар. Әр бұркуде шамамен 0.075 г этанол болады, ол педиатрияда 13 жасқа дейінгілерде, жүкті әйелдерде және бауыр аурулары бар, маскүнемдікке шалдыққан, эпилепсиясы, ми зақымданулары бар пациенттерде қолданғанда қауіпке себеп болуы мүмкін.

Құрамында этанол барын ескере отырып, маскүнемдік, эпилепсия, бассүйек-ми жарақаттары кезінде қолдану ұсынылмайды.

Қант диабеті бар науқастарға тағайындағанда сақтық таныту керек, өйткені препараттың құрамында натрий сахаринаты бар.

Препарат терінің тітіркенуін тудыруы мүмкін, өйткені оның құрамында пропиленгликоль бар. Спрейді көзге тигізбеу керек.

Спортшылардың пайдалануы

Ангиновагтың құрамында гидрокортизон ацетаты бар, допингке тест нәтижесі оң болуы мүмкін.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Новокаинмен, тыныштандыратын препараттармен бір мезгілде қолдану ұсынылмайды.

Этанол

Құрамында этанолдың болуы кейбір препараттардың әсерін өзгертуі немесе күшейтуі мүмкін.

Эноксолон

Әдебиеттердегі деректерде жануарларда жүргізілген зерттеулерге сілтемелер берілген, оларда эноксолон мен гидрокортизонды бір мезгілде жергілікті қолдану гидрокортизонның теріге әсерін күшейтеді. Сондай-ақ, оның жүйелі сіңуі мен уыттылығын күшейтедін-күшейтпейтіндігін анықтау мүмкін болмады.

Деквалиний хлориді

Оның биожетімділігінің төмендігіне байланысты, деквалиний хлоридінің фармакокинетикалық қасиеттерін, оның дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі ықтималдығын немесе оның метаболизмі мен шығарылуын бағалау үшін зерттеулер жүргізілмеді. Жануарлардан алынған деректердің және оның клиникада қолданылуының ауқымды тәжірибесінің негізінде, пациенттерде деквалиний хлоридінің биожетімділігі төмен болады деп күтіледі.

Гидрокортизон ацетаты

Құрамында кобицистатты қоса, СҮРЗА тежегіштері бар препараттармен бір мезгілде емдеу жүйелі жағымсыз құбылыстардың қаупін арттырады. Өзара әрекеттесулерін зерттеулер жүргізілген жоқ. Ангиновагтың дозасы мен енгізілу тәсіліне байланысты, жүйелі түрде енгізілетін дәрілік препараттармен өзара әрекеттесулері өте аз деп есептеледі.

Тиротрицин

Тиротрициннің антисептикалық әсеріне байланысты, құрамында клостридиопептидаза немесе оның аналогтары бар препараттармен пайдалануға тыйым салынады.

Лидокаин гидрохлориді

Лидокаинмен белгілі өзара әрекеттесулер Ангиновагтың пероральді қолданылуына қатысты емес, әйтсе де, препараттың құрамында оның болуына байланысты, келесілерді ескеру керек:

- Бета-адренорецепторлардың блокаторлары бауырлық қан ағымын, сәйкесінше, лидокаин метаболизмінің жылдамдығын төмендетеді, ол уыттылық қаупінің жоғарылауына алып келеді. Циметидин бауырдағы лидокаин метаболизмін тежеуі мүмкін, ол уыттылық қаупінің жоғарылауына алып келеді.
- Амидтік типті басқа жергілікті анестетиктерге айқаспалы сезімталдық тудыруы мүмкін.
- Мексилетин және прокаинамид сияқты, аритмияға қарсы III класты препараттар, фармакокинетикалық немесе фармакодинамикалық өзара әрекеттесулерінің ықтималдылығына байланысты.
- P450 CYP1A2 және CYP3A4 цитохромының изоферменттері лидокаиннің фармакологиялық белсенді метаболиті MEGX түзілуіне қатысады, сондықтан, флувоксамин, эритромицин және итраконазол сияқты басқа препараттар, лидокаиннің плазмадағы концентрациясын арттыруы мүмкін.

Арнайы ескертулер

Ангиновагтың жүктілік немесе бала емізу кезеңінде қолданылуы жөніндегі клиникалық деректер жоқ.

Жүктілік

Ангиноваг препаратын жүкті әйелдердің қолданғаны жөнінде деректер жоқ немесе шектеулі.

Жүктілік кезінде Ангиноваг препаратын қолдану ұсынылмайды.

Бала емізу

Лидокаин емшек сүтімен бөлініп шығады. Дегенмен, Ангиноваг препаратының бала емізу кезінде қолданылуы бойынша зерттеулер жүргізілмеді. Лидокаин бауырда салыстырмалы түрде жылдам және толығымен дерлік метаболизденетіндіктен, емдік дозаларында емшек сүтіне лидокаиннің өте төмен деңгейлері экскрецияланады деп күтіледі. Емшек емудің бала үшін пайдасын және емдеудің анасы үшін пайдасын ескере отырып, бала емізуді тоқтату немесе Ангиноваг препаратымен емдеуді тоқтату туралы шешім қабылдау қажет.

Препараттың көлікті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне ықпал ету ерекшеліктері

Құрамында 0.075 г этанол барын ескере отырып, автокөлік немесе басқа, қауіптілігі зор механизмдерді басқарғанда сақтық таныту қажет.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалану режимі

Ересектер мен 13 жастан асқан балаларға.

Қолданар алдында тамақты сумен шаю керек.

Екпінді дозасы әр 2-3 сағат сайын 1-2 бүркүден, демеуші дозасы – әр 6 сағат сайын 1 бүркүден. Емдеу курсы дәрiгер жекелей белгілейді. Емдеу ұзақтығы әдетте, 1 аптадан аспайды.

Дұрыс қолдану үшін, пероральді аппликатор зақымданған аймаққа бағытталатындай етіп, құтыны тік қалыпта салу ұсынылады, бірақ ауыз қуысына түгел енгізбеңіз. Қалпақшасының үстіңгі бөлігін жоғарыдан төмен қарай басыңыз. Орнатқаннан және қолданғаннан кейін пероральді аппликаторды құтыдан ағытпаңыз.

Пациенттердің ерекше топтары

Балалар

Ангиновагтың 13 жасқа дейінгі балалардағы қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмады.

Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бүйректің ауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерде препараттың шығарылуы қиындауы мүмкін. Сондықтан, ондай пациенттерде дозасын түзету қажет болуы мүмкін.

Бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауырдың ауыр жеткіліксіздігі бар, бауыр функциясы төмендеген пациенттерде, гидрокортизонның метаболизденуі мүмкіндігіне кепілдік беру үшін, жекелей дозалау қажет болуы мүмкін.

Енгізу әдісі мен жолы

Орофарингеальді пайдаланылады.

Дұрыс пайдалану жөніндегі нұсқаулар:

Аузыңызды кең ашыңыз. Бүріккіштің бір түтігін зақымданған бөлікке (тамақ, ауыз, тіл және т. б., егер қатысы бар болса) бағыттаңыз.

Бөтелкені тік қалпында ұстап тұрып, қақпақтың үстіңгі бөлігін түбіне дейін басыңыз.

Құтыда бүріккіш-клапаны болады: қақпағын түбіне дейін әрбір басқан сайын дәрінің дозаланған мөлшері ағып шығады.

Егер бөтелке жаңа болса немесе бірнеше күн бойы пайдаланылмаса, алғашқы бірнеше спрейді ауаға шығарыңыз.

Қабылдау уақыты көрсетілген қолдану жиілігі

Екпінді дозасы әр 2-3 сағат сайын 1-2 бүркүден, демеуші дозасы – әр 6 сағат сайын 1 бүркүден.

Емдеу ұзақтығы

Емдеу курсының ұзақтығын емдеуші дәрігер анықтайды.

Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар

Артық дозалану жағдайлары тіркелмеген.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіну үшін медицина қызметкерінен кеңес алуға бару жөнінде нұсқаулар

Дәрілік препаратты қолдану бойынша сұрақтар болған жағдайда емдеуші дәрігерге жүгіну қажет.

ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар

Ангиноваг препаратын немесе оның әсер етуші заттарының кез келгенін қолданғанда келесі жағымсыз құбылыстар байқалған.

Көру мүшелері тарапынан бұзылулар:

Сирек: бұлыңғыр көру

Иммундық жүйенің бұзылуы:

Жиілігі белгісіз: аса жоғары сезімталдық, аллергия (есекжем, эритема, экзантема, қабыну, бөртпе, қышыну, ісіну)

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей жүгіну қажет

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

100 мл препараттың құрамында

белсенді заттар - деквалиний хлориді 0.1 г, тиротрицин 0.4 г, β-глициррет қышқылы 0.06 г, гидрокортизон ацетаты 0.06 г, лидокаин гидрохлориді 0.1 г,

қосымша заттар: пропиленгликоль, ананас майы, натрий сахаринаты, этанол 96 %.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Мөлдір, түссіз немесе ақшыл-сары түсті, өзіне тән иісі және ананас дәмі бар ерітінді.

Шығарылу түрі және қаптамасы

20 мл препараттан тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалып, полипропилен қақпақпен тығындалған ақ түсті құтыларға құйылады.

1 құтыдан қондырмасымен және медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салады.

Сақтау мерзімі

4 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары

30°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші туралы мәліметтер

Феррер Интернасьональ, С.А.,

Joan Buscallà 1-9, 08173 Sant Cugat del Vallès, Barcelona, Spain

Хуан Бускалья, 1-9, 08173 Сан-Кугат-дель-Вальес, Барселона, Испания

Тел: +34 93 504 40 00,

факс: +34 93 674 20 72

эл пошта: comunicacion@ferrer.com

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

Феррер Интернасьональ, С.А.,

Gran Via Carlos III, 94, 08028 Barcelona Spain

Гран Виа Карлос III, 94, 08028 Барселона, Испания.

Тел: +34 93 504 40 00,

факс: +34 93 674 20 72

эл пошта: comunicacion@ferrer.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)

«Ацино Каз» ЖШС

Қазақстан Республикасы, 050047, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй, 243 т.е.

Телефон нөмірі: +7 727 364 56 61

Электронды пошта: PV-KAZ@acino.swiss

УТВЕРЖДЕНА

Приказом Председателя
РГУ «Комитет медицинского и
фармацевтического контроля
Министерства здравоохранения
Республики Казахстан»
от «24» марта 2023г.
№ N061903

Инструкция по медицинскому применению лекарственного препарата (Листок-вкладыш)

Торговое наименование

Ангиноваг

Международное непатентованное название

Нет

Лекарственная форма, дозировка

Спрей для местного применения

Фармакотерапевтическая группа

Респираторная система. Препараты для лечения заболеваний горла.
Препараты для лечения заболеваний горла, другие.

Код АТХ R02AX

Показания к применению

- местное лечение инфекционно-воспалительных заболеваний полости рта и верхних дыхательных путей: тонзиллит, фарингит, ларингит, афтозный и язвенный стоматиты, глоссит.

Перечень сведений, необходимых до начала применения

Противопоказания

- повышенная чувствительность к активным веществам или к любому из вспомогательных веществ
- Пациенты с тяжелыми поражениями слизистой оболочки полости рта
- детский возраст до 13 лет

Необходимые меры предосторожности при применении

Следует избегать длительного применения более 10 дней из-за возможности изменения микрофлоры полости рта.

Из-за низких концентраций каждого ингредиента Ангиновага и рекомендуемой дозировки нежелательных явлений, связанных с системным воздействием, не предвидится.

Визуальные аномалии

Нарушения зрения могут возникать при системном и местном применении кортикостероидов. Если у пациента проявляются такие симптомы, как затуманенное зрение или другие зрительные аномалии, пациент должен обратиться к офтальмологу для оценки возможных причин, которые могут включать катаракту, глаукому или редкие заболевания, такие как центральная серозная хориоретинопатия (ЦСХР), о которых сообщалось после системных и местного использования кортикостероидов.

Предупреждения о вспомогательных веществах

Ангиноваг содержит 89,385% этанола в конечном объеме. Каждое впрыскивание содержит приблизительно 0.075 г этанола, который может являться причиной риска применения в педиатрии до 13 лет, у беременных женщин и пациентов с заболеваниями печени, алкоголизмом, эпилепсией, повреждениями головного мозга.

Учитывая наличие этанола, не рекомендуется применять при алкоголизме, эпилепсии, черепно-мозговых травмах.

Следует соблюдать осторожность при назначении больным с сахарным диабетом, так как препарат содержит сахаринат натрия.

Препарат может вызвать раздражение кожи, поскольку он содержит пропиленгликоль. Следует избегать попадания спрея в глаза.

Использование спортсменами

Ангиноваг содержит гидрокортизона ацетат, возможен положительный тест на допинг.

Взаимодействия с другими лекарственными препаратами

Не рекомендуется одновременное применение с новокаином, седативными препаратами.

Этанол

Наличие этанола может изменить или усилить действие некоторых препаратов.

Эноксолон

В литературных данных имеются ссылки на исследования на животных, в которых одновременное местное применение эноксолон и гидрокортизона усиливает действие гидрокортизона на кожу. Не удалось определить, усиливает ли он также системную абсорбцию и токсичность.

Деквалиния хлорид

Из-за его низкой биодоступности не проводились исследования деквалиния хлорида для оценки его фармакокинетических свойств, его потенциального взаимодействия с лекарственными препаратами или его метаболизма и выведения. Ожидается, что биодоступность деквалиния хлорида у пациентов будет низкой на основании данных, полученных на животных, и обширного опыта его клинического применения.

Гидрокортизона ацетат

Одновременное лечение препаратами, содержащими ингибиторы CYP3A, включая кобицистат, повышает риск системных нежелательных явлений.

Исследования взаимодействия не проводились. Взаимодействия с системно вводимыми лекарственными препаратами считаются минимальными из-за дозировки и способа введения Ангиновага.

Тиротрицин

Из-за антисептического действия тиротрицина запрещено использовать с препаратами, содержащими клостридиопептидазу или ее аналоги.

Лидокаина гидрохлорид

Известные взаимодействия с лидокаином не относятся к пероральному применению Ангиновага, хотя следует учитывать следующее, учитывая его содержание в препарате:

- Блокаторы бета-адренорецепторов снижают печеночный кровоток и, следовательно, скорость метаболизма лидокаина, что приводит к повышенному риску токсичности. Циметидин может ингибировать метаболизм лидокаина в печени, что приводит к повышенному риску токсичности.
- Может вызывать перекрестную чувствительность к другим местным анестетикам амидного типа.
- Антиаритмические препараты класса III, такие как мексилетин и прокаинамид, из-за потенциальных фармакокинетических или фармакодинамических взаимодействий.
- Изоферменты цитохрома P450 CYP1A2 и CYP3A4 участвуют в образовании фармакологически активного метаболита лидокаина MEGX, поэтому другие препараты, такие как флувоксамин, эритромицин и итраконазол, могут повышать концентрацию лидокаина в плазме.

Специальные предупреждения

Клинические данные о применении Ангиоваг в период беременности или кормления грудью отсутствуют.

Беременность

Данные о применении препарата Ангиоваг беременными женщинами отсутствуют или ограничены.

Применение препарата Ангиоваг не рекомендуется во время беременности.

Кормление грудью

Лидокаин выделяется с грудным молоком. Тем не менее, исследований по применению препарата Ангиоваг в период грудного вскармливания не проводилось. Поскольку лидокаин метаболизируется относительно быстро и почти полностью в печени, ожидается, что только очень низкие уровни лидокаина будут экскретироваться в грудное молоко в терапевтических дозах. Необходимо принять решение о прекращении грудного вскармливания или прекращении лечения препаратом Ангиоваг с учетом пользы грудного вскармливания для ребенка и пользы лечения для матери.

Особенности влияния на способность управлять автотранспортом или другими потенциально опасными механизмами

Учитывая содержания 0.075 г этанола необходимо соблюдать осторожность при управлении автотранспортом или другими потенциально опасными механизмами.

Рекомендации по применению

Режим дозирования

Взрослым и детям старше 13 лет.

Перед применением прополоскать горло водой.

Ударная доза по 1-2 впрыскивания каждые 2-3 часа, поддерживающая – по 1 впрыскиванию каждые 6 часов. Курс лечения определяется врачом индивидуально. Длительность терапии обычно не превышает 1 неделю.

Для правильного применения рекомендуется поместить флакон в вертикальном положении, чтобы пероральный аппликатор был направлен на зону поражения, но не полностью вводите в ротовую полость. Нажмите верхнюю часть колпачка сверху вниз. Не снимайте пероральный аппликатор с флакона после установки и применения.

Особые группы пациентов

Дети

Безопасность и эффективность Ангиноваг у детей в возрасте до 13 лет не установлена.

Пациенты с почечной недостаточностью

Выведение препарата может быть затруднено у пациентов с тяжелой почечной недостаточностью. Поэтому у таких пациентов может потребоваться коррекция дозы.

Пациенты с печеночной недостаточностью

У пациентов с тяжелой печеночной недостаточностью, у которых функция печени снижена, может потребоваться индивидуальная дозировка для гарантии, что гидрокортизон может метаболизироваться.

Метод и путь введения

Орофарингеальное использование.

Инструкции по правильному администрированию:

Широко откройте рот. Направьте сопло распылителя на пораженный участок (горло, рот, язык и т. д., если применимо).

Нажмите на верхнюю часть крышки до упора, удерживая бутылку в вертикальном положении.

Флакон имеет клапан-распылитель: при каждом нажатии на крышку до упора выливается дозированное количество лекарства.

Выпустите первые несколько спреев в воздух, если бутылка новая или не использовалась в течение нескольких дней.

Частота применения с указанием времени приема

Ударная доза по 1-2 впрыскивания каждые 2-3 часа, поддерживающая – по 1 впрыскиванию каждые 6 часов.

Длительность лечения

Длительность курса лечения определяется лечащим врачом

Меры, которые необходимо принять в случае передозировки

Случаи передозировки не зарегистрированы.

Рекомендации по обращению за консультацией к медицинскому работнику для разъяснения способа применения лекарственного препарата

При наличии вопросов по применению лекарственного препарата необходимо обратиться лечащему врачу.

Описание нежелательных реакций, которые проявляются при стандартном применении ЛП и меры, которые следует принять в этом случае

Следующие нежелательные явления наблюдались при применении препарата Ангиноваг или любого из его отдельных действующих веществ.

Нарушения со стороны органов зрения:

Редко: затуманенное зрение

Нарушение иммунной системы:

Частота неизвестна: гиперчувствительность, аллергия (крапивница, эритема, экзантема, воспаление, сыпь, зуд, отек)

При возникновении нежелательных лекарственных реакций обращаться к медицинскому работнику, фармацевтическому работнику или напрямую в информационную базу данных по нежелательным реакциям (действиям) на лекарственные препараты, включая сообщения о неэффективности лекарственных препаратов РГП на ПХВ «Национальный Центр экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий» Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан

<http://www.ndda.kz>

Дополнительные сведения

Состав лекарственного препарата

100 мл препарата содержат

активные вещества – деквалиния хлорида 0.1 г, тиротрицина 0.4 г, кислоты β-глицирретовой 0.06 г, гидрокортизона ацетата 0.06 г, лидокаина гидрохлорида 0.1 г,

вспомогательные вещества: пропиленгликоль, масло ананасовое, натрия сахаринат, этанол 96 %.

Описание внешнего вида, запаха, вкуса

Прозрачный, бесцветный или светло-желтый раствор с характерным вкусом и запахом ананаса.

Форма выпуска и упаковка

По 20 мл препарата помещают во флаконы белого цвета из полиэтилена высокой плотности, укупоренные полипропиленовой крышкой.

По 1 флакону вместе с насадкой и инструкцией по медицинскому применению на государственном и русском языках помещают в картонную пачку.

Срок хранения

4 года.

Не применять по истечении срока годности.

Условия хранения

Хранить при температуре не выше 30°C.

Хранить в недоступном для детей месте!

Условия отпуска из аптек

Без рецепта

Сведения о производителе

Феррер Интернасьональ, С.А.,

Joan Buscallà 1-9, 08173 Sant Cugat del Vallès, Barcelona, Spain

Хуан Бускалья, 1-9, 08173 Сан-Кугат-дель-Вальес, Барселона, Испания

Тел: +34 93 504 40 00,

факс: +34 93 674 20 72

эл адрес: comunicacion@ferrer.com

Держатель регистрационного удостоверения

Феррер Интернасьональ, С.А.,

Gran Via Carlos III, 94, 08028 Barcelona Spain

Гран Виа Карлос III, 94, 08028 Барселона, Испания.

Тел: +34 93 504 40 00,

факс: +34 93 674 20 72

эл адрес: comunicacion@ferrer.com

Наименование, адрес и контактные данные (телефон, факс, электронная почта) организации на территории Республики Казахстан, принимающей претензии (предложения) по качеству лекарственных средств от потребителей и ответственной за пострегистрационное наблюдение за безопасностью лекарственного средства

ТОО «Ацино Каз»

Республика Казахстан, 050047, город Алматы, Бостандыкский район, проспект Нұрсұлтан Назарбаев, дом 223, н.п. 243

Номер телефона: +7 727 364 56 61

Адрес электронной почты: PV-KAZ@acino.swiss